


Қазақстан мен Ресейдің екі жақты саудасының көлемі рекордтық – 26.1 млрд долларға жетті

Дереккөз: https://www.inform.kz/ru/ob-em-dvustoronney-torgovli-kazahstana-i-rossii-dostig-rekordnyh-26-1-mlrd_a4055805

Қазақстан мен Ресейдің тауар айналымы



Дереккөз: БНС РК



Аят Сураганов

Талдаушы

“ 11 сәуірде Қазақстан мен Ресейдің сыртқы істер министрліктері басшыларының кездесуі өтті. Мұрат Нұртілеу мен Сергей Лавров екі ел арасындағы ынтымақтастықтың қазіргі жай-күйі мен даму келешегі туралы, сондай-ақ ТМД, ЕЭО және ҰҚШҰ-ды қосқанда интеграциялық бірлесік аясындағы өзара іс-қимылдарға байланысты өзекті мәселелерді талқылады.

Кездесу қорытындысы бойынша екі сыртқы саяси ведомствалар арасында 2023-2024 жылдарға арналған ынтымақтастық бойынша іс-шаралар жоспарына қол қойылды.

ҚР СІМ басшысы «Ресей – Қазақстанның басты сауда-экономикалық әріптесі екендігін , ал 2022 жылы екі жақты сауданың көлемі рекордтық 26.млрд долларға жеткендігін» мәлімдеді.

Атап өту керек, екі ел арасындағы тауар айналымы 2021 жылмен салыстырғанда 6%-ға өсті: Қазақстаннан экспорт 25%-ға, ал Ресейден импорт 1%-ға төмендеді.

Негізгі экспорттық тауарлар: қара металдар (1.5 млрд доллар), бейорганикалық химия өнімдері (1.4 млрд), сондай-ақ механикалық жабдықтар мен техника (0.8 млрд).


Негізгі импорттық тауарлар: қара металдар (1.5 млрд доллар), механикалық жабдықтар мен техника (1.4 млрд) және отын (1.3 млрд). “



Қазақстанда тұрғын үйді жалға беру бағасы қымбаттап кетті

Дереккөз: <https://ism.kz/statistika-cen-na-zhil-e-v-kazahstane-mart-2023-goda>

Жалдық тұрғын үй нарығындағы ахуал



Гульназ Алдибекова

Талдаушы

“2023 жылдың наурызының қорытындысы бойынша елімізде пәтерді жалға беру бағасы қымбаттауда. Айталық, Ұлттық статистика бюросының деректері бойынша ол 2022 жылдың наурызымен салыстырғанда 29.3%-ға өсіп, әрбір шаршы метрі 4.7 мың теңгені құрады.

Құрылыс қарқынының бәсеңдеуі, жеңілдікпен кредит беру бағдарламаларының азаюы, ипотекалық коммерциялық кредиттер бойынша жоғары мөлшерлемелер елімізде тұрғын үйдің орташа бағасының өсуіне әкеп соқты. Ал мұның өзі оларды жалға беру бағасының да өсуіне әсер етті.

Инфляцияның әлі жоғары деңгейде болатындығы туралы күдіктің басылмауы халықтың нақты табысына қысым көрсетуде, сәйкесінше адамдардың төлем қабілеті төмендеп жатыр. Соған қарап, тұрғын үйді жалға беру бағасының әрі қарай өсетіндігін болжауға болады.”

2023.14.04 қарасты қаржы секторының жай-күйі



Сұңғат Рысбек

Талдаушы

“Депозиттер

АҚШ-та банк жүйесіне деген сенімсіздік басылар емес. Бұдан әсіресе өңірлік банктер зардап шегуде. Оларда өткен тоқсанмен салыстырғанда депозиттердің алыну деңгейі 3%-дан 11%-ға дейін барды. Charles Schwab депозиті 11%-ға, ал M&T Bank және State Street 3%-ға қысқарды.

Жалпы АҚШ ФРЖ деректеріне сәйкес наурызда 2 өңірлік банктің жабылуы салымшылардың сеніміне нұқсан келтірді. Бұл бір ай ішінде кішігірім банктерден 177.5 млрд доллардың қолға алынуына себеп болды.

Банктердің пайдасы

Наурыздағы үрейлі кезең барысында салымшылар ұсақ және орташа банктердегі қаражаттарын алып, оларды ірі банктерге орналастырды. Ал пайыздық мөлшерлеменің жоғарылауы таза пайыздық табыстың күрт өсуіне себеп болды. JPMorgan Chase-тің таза пайыздық табысы бір жыл ішінде 49%-ға, осы кезеңде Wells Fargo табысы 45%-ға көтерілді.

Ағымдағы жылдың 1 тоқсанында JPMorgan Chase 12.6 млрд доллар көлемінде (бір жыл бұрынғы көрсеткішке қарағанда 52%-ға жоғары) таза пайда тапты. Citigroup пайдасы 4.6 млрд долларды құрады. Ал Wells Fargo-ның пайдасы 5 млрд доллар болды. Бұл 2022 жылдың 1 тоқсанымен салыстырғанда жоғары. JPMorgan Chase акциялары 7%-дан астамға өсті. Citigroup-та 5% қосты. Ал Wells Fargo акциялары өзгерген жоқ десе де болады.

Жалпы пайда өскенімен, коммерциялық жылжымайтын мүлікке деген сұраныс түсіп кете ме деген қауіп бар. Өйткені оған жоғары пайыздық мөлшерлемелердің қысымы әсер етуде. JPMorgan кредиттер бойынша залалды жабу үшін резервті 55%-ға көтерді, ал Wells Fargo кредиттер бойынша залалдарды жабуға 643 млн доллар бөлді. Негізі бұл залал кеңселік коммерциялық жылжымайтын мүлікке берілген кредиттерден туындады.”

Қазақстанда жылдық инфляция жыл соңына қарай 7.8%-ды құрайды – ЕАДБ Бағалардың өсуінің бәсеңдеуі одан әрі жалғасады, деп санайды банк талдаушылары

Дереккөз: <https://kapital.kz/economic/114661/godovaya-inflyatsiya-v-kazakhstane-na-konets-goda-sostavit-7-8-yeabr.html>



Айжан Әлибекова

Талдаушы

«2023 жылдың наурыз-сәуірінде тәуекелдер теңгерімі инфляция жағына ойыса бастады. Бұған тұрғын үй-коммуналдық қызмет және жанар-жағар май нарығында жиналып қалған теңгерімсіздіктер, сондай-ақ қазыналық қолдау көрсетудің қосымша өсуі түрткі болды. Сол үшін де ЕАДБ Қазақстандағы инфляциялық ортаны бір қалыпты оптимистік көзқараспен бағалауда. Атап өту керек, 2022 жылға болжам жасауда ЕАДБ инфляцияны 13.2%-ға дейін түседі деп болжаған болатын.

Нарықтың басқа қатысушылары өздерінің болжамдарында сақтанымпаздық көзқарасқа ие. Айталық, Қазақстан қаржы қауымдастығының сауалнамасы бойынша сауалдарға жауап бергендер алдағы 12 айда инфляция 14.4%-дан төмен түспейді деп болжайды. Ұлттық Банк 2023 жылдың қорытындысы бойынша инфляция 9-12% көлемінде болады деп болжауда. Jusan Analytics болжамы бойынша инфляция жыл қорытындысы бойынша 12.4-14.3% көлемінде болады. Инфляциялық үдерістердің әртектілігінің күшеюі, инфляциялық болжамдардың тұрақсыздығы және көтеріңкі базалық қысым біздің пікірімізше биыл инфляциялық қысымды бір мағыналы мәнге түсіруге жеткілікті жағдай жасай алмайды.

2023.14.04 қарасты негізгі нарық индикаторлары бойынша бағыт-бағдарлар



— S&P 500 (бейтарап)

S&P 500 индексі өткен аптада 0.8%-ға өсіп, 4 138 пунктіне тоқтады. Осылайша бенчмарк жергілікті 4 200 п. болатын максимумға жақындады. Егер ол бұл деңгейден өтер болса, 4 300 пунктке жетуі мүмкін. Алайда атап өту керек, ол ұзақ мерзім бойы 3 600-4 300 пункт болатын кең дәліздің ішінде келеді. Біз әзірше оны одан шығады деп ойламаймыз.

Акциялар бойынша іргелі өрнек аралас күйінде қалады. Тек аздап құлдырау нышаны байқалады. Айталық, соңғы аптада АҚШ өндірушілері бағаларының индексі, бөлшек саудалық сатылымдар, америкалықтардың жұмыссыздық бойынша жәрдемақы алуға берген өтініштері бойынша әлсіз статистиканы жариялады. Алайда бұл ретте Мичиган Университеті инфляция бойынша инфляциялық сипатқа ие есепті, сондай-ақ өнеркәсіптік өндіріс бойынша статистиканы және тұтынушылық сентимент бойынша деректерді көпшілік назарына ұсынды. Бұл құжаттар, оның ішінде алдағы 12 айда инфляциялық болжамдардың күрт өсетіндігін көрсетті (3.6-дан 4.6%-ға дейін)! Нәтижесінде нарықта стагфляция туралы алып-қашпа әңгімелер айтыла бастады. ОПЕК+ -тің мұнай өндіруді күрт төмендету туралы соңғы шешімі отқа май құйғандай болды.

▲ Алтын (жоғары)

Өткен аптада алтын бағасы аздап түсті (-0.5%). Осылайша алты ай бойы өскендігін тоқтатып, бір унция үшін 2 016 доллар белгісінде жабылды. Сонымен «сары металл» өзінің тарихи максимумына (20 090 доллар) сәл ғана жете алмай, төмен қарай бағытталды. Қысқа мерзімді кезеңде ол 1 970 долларға дейін түсіп кетуі мүмкін. Соған қарамастан, ұзақ мерзімді жоспарда ол бойынша үрдіс «бұқалық» сипатқа ие болып қала бермек. Алтын бойынша басты мақсат – тарихи максимумға – 2090 долларға қол жеткізу. Алтын бойынша жағдай аздап акцияларға ұқсайды. Айталық біртіндеп әлсіреп жатқан әлемдік экономика активті қолдайды, оған қоса криптоиндустриядағы проблемалар, банк секторындағы турбуленттіліктер, шешілмеген геосаяси тәуекелдер, тіпті АҚШ мемлекеттік борышының шегі мәселесі күн тәртібінен түскен жоқ. Басқа жағынан, дамыған елдердің инфляциямен күресіп жатқан орталық банктері оған қарсы әрекет етеді. Көрініп тұрғанындай, бір унция 2000 доллардан асқан соң, нарық қазір амалсыз тең жағдайда тұр.

▼ Brent (төмен)

Brent маркалы мұнай бағасы апта соңында бір баррелі 86.3 АҚШ доллары деңгейінде жабылды. Бір апта ішіндегі өсім 1.4% болды. Осылайша «қара алтын» біртіндеп қымбаттап жатыр және 90 долларға жетуге жақын қалды. Техникалық тұрғыда өсім түзету сипатына ие. Әзірге мұнай саудасы 90 доллардан төмен деңгейде болып тұрған кезде ол бойынша ұзақ мерзімді үрдіс «аюлық» сипатта бола бермек. Мұнай бойынша басты мақсат – 60-65 доллардың ауқымы.

Бұл тұста алдағы уақытта әлемдік экономиканың едәуір жылдам бәсеңдеуі және базалық шикізатқа деген сұраныстың төмендеуі мүмкіндігіне қарамастан, біз қазір де мұнай бағасының одан әрі өсіп кету мүмкіндігін жоққа шығармаймыз. Ал ОПЕК+ -тің мамыр айынан бастап, жыл соңына дейін мұнай өндіруді тәулігіне 1.15 млн баррельге қысқарту туралы 2 сәуірдегі соңғы аңдатпасы мұнайдың басқа базалық шикізаттарға қарағанда картель түрінде мықты қолдаушысы бар екенін көрсетті. Оның үстіне, бір жылдан асқан санкциялар кезінде Батыстың шектеулеріне сол мезетте жауап беруге бейім еместігін танытқан Ресей, қанша айтқанмен нарықтық бағаларға ықпал ете алатындығын көрсетті. Сөз соңында «бұқалық» факторлар ретінде дамыған елдердің орталық банктерінің монетарлық саясатты қатаңдатуларына қатысты болжамдардың біртіндеп әлсіреп, Қытай экономикасының қалпына келіп жатқандығын еске салуға болады.

2023.14.04 қарасты негізгі нарық индикаторлары бойынша бағыт-бағдарлар



▲ Уран (жоғары)

Өткен аптада уранның бағасы өзгерген жоқ. Әлі де 51.1 доллар деңгейінде тұр.

Жалпы ол ұзақ уақыттан бері 46 мен 52 доллар аумағында келеді. Қысқа мерзім ішінде уран осы аумақтың ең төменгі шегіне дейін түсуі мүмкін. Бірақ соған қарамастан, ол бойынша ұзақ мерзімді үрдіс «бұқалық» сипатқа ие, ал өсу мақсаты – 60 және 73 доллар. Көмірсутектік экономикадан жасыл экономикаға өту бойынша әлемдік стратегияда уран – аралық буын ретінде қаралады. Алайда жағдайды рецессия қаупі және мұнайдың әлсіз бағасы бұзуда. Бұл ретте қысқа мерзімді өсуге кедергі келтіретін жайт – ол әлемде атом электр стансаясы құрылысының ұзаққа созылатындығында болып отыр. Ал жергілікті тұрғыда жекелеген өндірушілер, атап айтқанда Қазатомөнеркәсібі уран бағасының өскендігіне қарамастан, өндіруді ұлғайтуға асығар емес. Керісінше инвестициялық шикізаттық қорларға қатысу есебінен бағаның әрі қарай өсуін тездетте түсуде.

▲ USD/RUB (жоғары)

Өткен аптада USD/RUB жұбының бағасы осымен 6-ші апта қатарынан өсіп (+2.2%), 82.3 рубль белгісінде жабылды.

Осылайша өсуін жалғастырып, 75 рубльден жоғары орныққан соң, келесі меже – 86 рубль деңгейіне тез жақындауда.

Бұл ретте біз рубльдің әлсіреп жатқандығынан (желтоқсанның ортасынан бері) біз анау айтқандай таңқаларлық жайт көріп тұрғанымыз жоқ. Біз өткен жылы 15 мамырда рубль мен теңгенің бағамдары бойынша үлкен талдамалы жұмысты жариялаған болатынбыз. Онда екі валютаның қысқа және ұзақ мерзімді келешектегі серпіні бойынша болжамдар көрсетілді. Әзірге барлығы осы болжам аясында жүріп жатыр (біздің талдауды Радардан және біздің «JI Аналитика» тлеграм-арнасынан табуға болады). Жалпы алып қарағанда, Ресейдің экспорттық-импорттық легі біртіндеп тұрақталып жатыр және ол ағымдағы шотқа жағымсыз әсер етуде»

Авторлар: Айжан Әлибекова, Гульназ Алдибекова, Клара Сейдахметова, Сұңғат Рысбек

Жауапкершілікті шектеу:

Jusan Analytics - «Jusan Bank» АҚ аналитикалық құрылымдық бөлімшесі.

Бұл тек ақпараттық сипатқа ие жұмыс. Сонымен қатар бұл Jusan Analytics тарапынан қандай да бір ұсынысқа немесе есеп-қисап, іскерлік, қаржылық, инвестициялық, заңдық, салықтық немесе басқа да кәсіби консультациялар беру не болмаса қызмет көрсетуді ұсыну бойынша ұмтылысқа жатпайды. Материал біз сенімді деп санаған, шынайы әрі ашық ақпарат көздерінен алынған мәліметтерге негізделген. Алайда біз келтірілген мәліметтерді мінсіз деп айта алмаймыз.

Оқырмандар дербес қаржылық шешім қабылдау үшін осы жұмыстағы мәліметтерді пайдаланғандары үшін біз жауапты емеспіз. «Jusan Bank» АҚ Jusan Analytics тұлғасында жарияланымдағы ақпараттарды тұрақты түрде жаңартып тұруға немесе ондағы ықтимал дәлсіздіктерді түзетуге міндетті емес. Осы ретте аталмыш жұмыстың құрамындағы мәліметтер толық, түпкілікті болып саналмайды және алдын ала ескертусіз кез келген уақытта өзгертілуі мүмкін.

Бұл жұмыстағы жарияланған ақпарат жеке пайдалануға қолжетімді, бірақ коммерциялық тұрғыда таратуға арналмаған және Jusan Analytics-тің алдын ала жазбаша рұқсатынсыз оны толығымен немесе ішінара қайта жаңғыртуға, жолдауға және жариялауға болмайды.

Материалды пайдалану мәселесі бойынша Jusan Analytics-ке жүгініңіз:

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
А25D5F7, әл-Фараби даңғылы, 36, В блогы, 6 қабат.
analytics@jusan.kz